



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттары***2022 жылғы 16 маусымдағы  
№ ДС-191***Құрметті депутаттар!**

Мүгедектігі бар адамдарды кресло-арбалармен қамтамасыз ету проблемаларына қатысты депутаттық сауалды қарап, келесіні хабарлаймыз.

Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік оңалту оларды әлеуметтік қатынастарға қосу процесінің маңызды аспектілерінің бірі болып табылады, оның барысында олар үшін қажетті білім, икемділік пен дағдыларға ие болады.

Қазақстан Республикасындағы мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы заңға сәйкес әлеуметтендіру деңгейін арттыру мақсатында мүгедектігі бар адамдар техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен, протездік–ортопедиялық көмекпен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен, санаторий-курорттық емдеумен, міндетті гигиеналық құралдармен, жеке көмекшінің және ымдау тілі маманының қызметтерімен (*бұдан әрі - ОТҚ/қызметтер*) мүгедектігі бар адамдарды оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес қамтамасыз етіледі.

2020 жылдан бастап пилоттық режимде, ал 2021 жылдан бастап ОТҚ/қызметтерін әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы (*бұдан әрі – портал*) арқылы толық ауқымда ұсыну жүзеге асырылады, онда мүгедектігі бар адамдарға ОТҚ/қызметін, атап айтқанда, белгілі бір үлгідегі кресло-арбаларды және басымдықты жеткізушіні өз бетінше таңдау мүмкіндігі беріледі.

Бұдан басқа, ОТҚ/қызметті бекітілген кепілдендірілген құннан жоғары баға бойынша таңдаған жағдайында мүгедектігі бар адамдардың өз қаражаты есебінен қосымша ақы төлеу көзделген.

Порталды енгізу ОТҚ/қызметтерді мемлекеттік сатып алу арқылы алынатын мүгедектігі бар адамдардың көптеген шағымдарымен байланысты болғанын атап өту қажет, өйткені ол сапаға және мүгедектігі бар адамдардың жеке қажеттіліктеріне әрдайым сәйкес келе бермеді.

Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы заңнаманы жетілдіру мақсатында 2021 жылғы 12 қазанда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданды., Оны орындау үшін мүгедектігі бар адамдарға ұсынылатын

техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдардың, арнаулы жүріп-тұру құралдарының және көрсетілетін қызметтердің сыныптауышы<sup>1</sup> әзірленіп, оңалтудың техникалық құралдарының тізбесі өзектендірілді, ОТҚ кіші түрлері және олардың функционалдық сипаттамалары нақтыланды.

Бүгінгі таңда медициналық көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдерді ескере отырып, **кресло-арбалардың 7 түрі қарастырылған** – бұл қол жетегі бар, көп функционалды (эмбебап), электр жетегі бар (эмбебап) және т. б.

Белсенді өмір салтын жүргізетін адамдар үшін белсенді типтегі кресло-арба қарастырылған. Бұл мүгедектігі бар адамдарға өздігінен оңай және ыңғайлы қозғалуға мүмкіндік береді, қолдануға ыңғайлы (*әдетте өлшемі кішкентай, салмағы аз, жинау мүмкіндігі бар*).

Бұл ретте мүгедектігі бар адамдар бір мезгілде бөлмеге және серуендеуге арналған кресло-арбамен немесе эмбебап арбалардың бір түрімен қамтамасыз етілуге құқылы.

ОТҚ-ның жекелеген түрлері МБА-ның жеке тапсырыстары бойынша дайындалатынын және (немесе) жеке іріктеуді, сондай-ақ ретке келтіруді талап ететінін әрі олардың кепілдік берілген құнын уақтылы айқындау процесін қиындататынын назарға ала отырып, Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы заңнамаға тиісті өзгерістер енгізілді, оған сәйкес белгілі бір жағдайларда ОТҚ/қызметтермен қамтамасыз ету мемлекеттік сатып алу заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

Бұл енгізу жергілікті атқарушы органдарға жеке іріктеуді талап ететін ОТҚ-мен мүгедектігі бар адамдарды уақтылы қамтамасыз ету үшін бюджет қаражатын тиімді жоспарлауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар кресло-арбаларды пайдалану мерзімдерін қайта қарау жоспарлануда, бұл өзін-өзі өмірде танытудың, тәуелсіз болудың мүмкін деңгейімен бірге мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын да арттырады.

Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау жүйесін жетілдіру бұдан әрі де жалғасатын болады.

Жалпы, елімізде ұлттық заңнаманы Конвенцияның ережелерінен туындайтын мүгедектіктің әлеуметтік және құқықтық үлгілеріне кезең-кезеңімен сәйкес келтіру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Заңнамалық және құқық қолдану деңгейлерінде кедергілерді барынша алып тастау және Конституциямен кепілдік берілген әрі Конвенцияда көзделген барлық құқықтар мен бостандықтарды іске асыруда мүгедектігі бар адамдарға қолдау көрсету жоспарланып отыр.

Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуда және Үкіметтің тұрақты бақылауында.

**Е. Тоғжанов**

<sup>1</sup> Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 77.12.2021 жылғы №502 бұйрығы)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ  
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Депутатам  
Мажиліса Парламентa  
Республики Казахстан

на №ДС-191 от 16.06.2022 г.

**Уважаемые депутаты!**

Рассмотрев ваш депутатский запрос касательно проблем обеспечения лиц с инвалидностью кресло-колясками, сообщаем следующее.

Социальная реабилитация лиц с инвалидностью (*далее – ЛсИ*) является одним из важных аспектов в процессе включения их в социальные отношения, в ходе которого они приобретают необходимые знания, умения и навыки.

В соответствии с Законом о социальной защите лиц с инвалидностью в Республике Казахстан в целях повышения уровня социализации, ЛсИ обеспечиваются техническими вспомогательными (компенсаторными) средствами, протезно-ортопедической помощью, специальными средствами передвижения, санаторно-курортным лечением, обязательными гигиеническими средствами, услугами индивидуального помощника и специалиста жестового языка (*далее – ТСП/услуги*) в соответствии с индивидуальной программой реабилитации лица с инвалидностью.

С 2020 года в пилотном режиме, а с 2021 года полномасштабно предоставление ТСП/услуг осуществляется через портал социальных услуг (*далее – портал*), где ЛсИ предоставлена возможность самостоятельного выбора ТСП/услуги, в частности кресло-коляски определенной модели и у предпочитаемого поставщика.

Кроме того, предусмотрена доплата за счет собственных средств ЛсИ в случае выбора ТСП/услуги по цене выше утвержденной гарантированной стоимости.

Необходимо отметить, что внедрение портала было связано с многочисленными жалобами ЛсИ на получаемые через государственные закупки ТСП/услуги, которые не всегда соответствовали качеству и индивидуальным потребностям ЛсИ.

С целью совершенствования законодательства в сфере социальной защиты ЛсИ принят Закона от 12 октября 2021 года «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты РК по вопросам социальной защиты отдельных категорий граждан», во исполнение которого разработан и утвержден Классификатор технических вспомогательных (компенсаторных) средств, специальных средств передвижения и услуг, предоставляемых лицам с

инвалидностью<sup>1</sup>, где актуализирован перечень технических средств реабилитации, детализированы подвиды ТСР и их функциональные характеристики.

На сегодняшний день с учетом медицинских показаний и противопоказаний предусмотрено **7 разновидностей кресло-колясок** – комнатные/прогулочные с ручным приводом, многофункциональные (универсальные), с электроприводом (универсальные) и т.д.

Для лиц, ведущих активный образ жизни предусмотрена кресло-коляска активного типа. Она позволяет ЛсИ легко и комфортно самостоятельно передвигаться, удобна в использовании (*как правило, имеет небольшие размеры, вес, возможность складывания*).

При этом, ЛсИ имеют право на обеспечение одновременно комнатной и прогулочной кресло-коляской или одной из типов универсальных колясок.

Принимая во внимание, что отдельные виды ТСР изготавливаются по индивидуальным заказам ЛсИ и (или) требуют индивидуального подбора и настройки и затрудняет процесс своевременного определения их гарантированной стоимости, внесены соответствующие изменения в Закон о социальной защите лиц с инвалидностью, согласно которым в определенных случаях обеспечение ТСР/услугами осуществляется в соответствии с законодательством о государственных закупках.

Данное введение позволит местным исполнительным органам эффективно планировать бюджетные средства для своевременного обеспечения ЛсИ требующих индивидуального подбора.

Вместе с тем, планируется пересмотреть сроки эксплуатации кресло-колясок, что повысит качество жизни ЛсИ с возможным уровнем самореализации, независимости.

Совершенствование системы социальной поддержки лиц с инвалидностью будет продолжено и в дальнейшем.

В целом, в стране проводится работа по поэтапному приведению национального законодательства в соответствие с социальной и правовой моделями инвалидности, вытекающими из положений Конвенции. На законодательном и правоприменительном уровнях планируется максимально возможное исключение барьеров и оказание содействия ЛсИ в реализации всех прав и свобод, гарантированных Конституцией и предусмотренных Конвенцией.

Работа в данных направлениях продолжается и находится на постоянном контроле Правительства.

**Е. Тугжанов**

---

<sup>1</sup> приказ Министра труда и социальной защиты населения от 27.12.2021 г. № 502.